

**Қазақстан Республикасының аумағынан жеңіл дистилляттар мен өнімдерді,
газойлдарды әкетудің кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 331 Қаулысы

«Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңының 18-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ
Е Т Е Д І :**

1. 2011 жылғы 1 мамырға дейінгі мерзімге жеңіл дистилляттар мен өнімдердің (КО СЭҚ ТН коды 2710 11) әкетілуіне 40 000 тонна көлемінде сандық шектеу енгізілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.07 N 405 Қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен
т о л ы қ т ы р у л а р е н г і з і л с і н :

1) «Жеңіл дистилляттарды және өнімдерді, керосинді әкетуге уақытша тыйым салуды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қазандағы № 1139 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 58, 565-құжат) :

тақырыбындағы «Жеңіл дистилляттарды және өнімдерді, керосинді» деген сөздер «
Керосинді» деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақтағы «және тұрмыстық пеш отынынан», «жеңіл дистилляттарды және өнімдерді (КО СЭҚ ТН 2710 11),» деген сөздер алынып тасталсын;

2) «Қазақстан Республикасының аумағынан газойлдарды әкетудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 24 ақпандағы № 180
қ а у л ы с ы н д а :

2-тармақтағы «Ауғанстан Ислам Республикасына» деген сөздерден кейін «және Қырғыз Республикасына» деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген әкетуге қатысты көлемде сандық шектеулер енгізілетін тауарлардың тізбесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда
ж а з ы л с ы н ;

көрсетілген қаулыға қосымшада :
«Көлемі, тонна» деген бағанда :

реттік нөмірі 1-жолдағы «20 000» деген сандар «30 000» деген сандармен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«Жиыны» деген жолдағы «145 000» деген сандар «155 000» деген сандармен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3. Қырғыз Республикасына және Тәжікстан Республикасына әкету мақсатында «ҚазМұнайГаз - қайта өңдеу және маркетинг» акционерлік қоғамына 40 000 тонна

көлеміндегі жеңіл дистилляттар мен өнімдерге (КО СЭҚ ТН коды 2710 11) квота
б ө л і н с і н .

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.07 N 405 Қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігімен келісім бойынша 40 000 тонна көлеміндегі жеңіл дистилляттар мен өнімдердің әкетілуіне лицензиялар беруді жүзеге
а с ы р с ы н .

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.07 N 405 Қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыға сәйкес жеңіл дистилляттар мен өнімдердің әкетілуін бақылауды қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі екі апта мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайтын сыртқы сауда қызметін реттеу шаралары туралы Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Интеграциялық комитетінің Х а т ш ы л ы ғ ы н х а б а р д а р е т с і н .

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 1 ж ы л ғ ы 3 1 н а у р ы з д а ғ ы

№ 3 3 1 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 1 ж ы л ғ ы 2 4 а қ п а н д а ғ ы

№ 1 8 0 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Әкетуге қатысты көлемде сандық шектеулер енгізілетін тауарлардың тізбесі

**Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.29
№ 456 Қаулыларымен.**

КО СЭҚ ТН коды	Атауы	Көлемі (тоннамен)	Қолданылу мерзімі
2710 19 410 0	Тұрмыстық пеш отынын қоспағанда, басқа мақсаттарға арналған құрамында күкірт көлемі 0,05 мас. % аспайтын газойлдар	155 000	2011 жылғы 1 шілдеге дейін
2710 19 450 0	Тұрмыстық пеш отынын қоспағанда, басқа мақсаттарға арналған құрамында күкірт көлемі 0,05 мас. % асатын, бірақ 0,2 мас. % аспайтын газойлдар		

2710 19 490 0	Тұрмыстық пеш отынын қоспағанда, басқа мақсаттарға арналған құрамында күкірт көлемі 0,2 мас. % асатын газойлдар		
---------------	---	--	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК